ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АБАЙ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ТІРЕК МЕКТЕБІ (РЕСУРСТЫҚ
ОРТАЛЫҚ)» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОПОРНАЯ ШКОЛА
(РЕСУРСНЫЙ ЦЕНТР) ИМЕНИ АБАЯ»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
АБАЙСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

03.09.2024ж № 115

Топар кенті поселок Топар

**Ыстық тамақ беруді ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XIIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ – 76 бұйрығының негізінде
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Әлеуметтік педагог Н.Т.Нурдавлатова:

1.1 Жергілікті бюджет есебінен тамақтанатын 1-4 сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасылардан оқитын 1-11 сынып оқушыларының тамақтану кестесі және асханада кезекшілік кестесі құрылсын, бақылауға алынсын.

1.2 Оқушылардың күнделікті мектепке келуін тіркеп, бақылауға алынсын.

2. Мектеп медбикесі М.Орумбаева мектеп жанындағы интернат медбикесі А. Шуленбаеваға:

2.1 ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.08.2020ж №611 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық қағидаларын бекіту туралы» құжатты басшылыққа алсын.

2.2 Азық-түлікті сақтау ережелерін қатаң сақтасын;

2.3 Күнделікті ас мәзірін және азық-түлікті тарату мәзірін басшылыққа алсын;

000210

2.4 Тамақтандыру блогындағы жиһаз бен құрал-жабдықтардың жағдайы мен жұмысқа жарамдылығын бақылауға алсын;

2.5 Тағам әзірлеу технологиясын сақтасын;

2.6 Ас үйдің қанағаттанарлық санитарлық жағдайын жасасын;

2.7 Дайын тағамды боматуда мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған тамақтану нормаларын сақтасын;

2.8 Оқушылардың әр пайдаланғанынан кейін столды жуғыш және дезинфекциялаушы құралдармен тазалауды бақыласын;

2.9 Ыдыстарды тазалау мен жууда қатаң түрде медициналық қызметкер құрастырған жадынаманы басшылыққа алуын қадағаласын;

2.10 Тамақтандыру блогы жұмыскерлерінің медициналық байқаудан өту кестесін құрып, бақылауға алсын;

2.11 Тамақтандыру блогында тазалау, жуу және күрделі тазалау, дезинфекциялау жұмыстарын жүргізу кестесін құрсын және бақылауға алсын;

2.12 Ас үйде және ас үлестіру бөлмесінде ыдысты тазалау және жуу жадынамасын құрастырсын;

2.13 Жеке бас гигиенасы және дұрыс тамақтану бойынша жүйелі және белсенді түрде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізсін;

2.14 Азық-түліктің дұрыс сақталуын, пайдалану мерзімін және тамақтандыру блогының санитарлық жағдайын бақыласын;

2.15 Ыстық тамақпен қамтамасыз ету сапасын бақылауға алсын (тамақтандыру блогының санитарлық жағдайын, ас мәзірінің болуын және дайын тағамның ас мәзірімен сәйкестігін).

3. Директордың м.а С.Д. Шагирова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Дюсенова

3.1 мектеп асханасындағы оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін бақылауға алынсын.

Директор м.а. С.Д.Шагирова

**Таныстым:**
А.А. Дюсенова
Н.Т.Нурдавлатова
М. Орумбаева
А. Шуленбаеваға